

РАНОРАМА: ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ, I

Қоршаған ортаның өзгеру
кезеңіндегі американдық қоғамдар





Қоршаған ортада табиғи өзгерістер белең алған дәуірдегі Америка қоғамы

Оқулық авторларының мәліметтеріне сай, IX–XIII ғасырлар арасындағы қоршаған ортадағы өзгерістер және экологиялық дағдарыстар Батыс жартышарының көп бөлігінің даму процесіне өз әсерін тигізді. Солтүстік Атлантикалық жылу кезеңі жаһандық температураның көтерілуіне әкеліп, осы төрт жүз жылда Солтүстік Америка мен Афроеуразияның солтүстік аймақтарында өзгерістер орын алғанын көреміз. Анд аумағы, Оңтүстік Америкадағы Эль Ниньо Оңтүстіктегі Тербеліске байланысты болған климаттағы ылғалдылық пен құрғақшылық циклдары экологиялық жағдайға ғана емес, өз кезегінде әлеуметтік өзгерістерге де үлкен әсерін тигізді.

Солтүстік Америкада жылыну процесі ауылшаруашылығының, әсіресе жүгері өсірудің жаңа аймақтарға таралуын ынталандырды. Солтүстік және Оңтүстік Американың батыс бөліктеріндегі құрғақшылықтан халықтың өсімі шектеулі болып, адамдар ресурстары бар үлкенірек, бірақ тығыз орналасқан қоғамдастықтарға көшуге мәжбүр болды. Орталық Мексика мен Андыда пайда болған жаңа мемлекеттер, бұрынғы ғасырлардағы Теотиукан және Моче өркениеттері сияқты экологиялық өзгерістердің құрбанына айналады.

Жаһандық температурадағы өсім ауылшаруашылық өнімдерін арттырып, әсіресе, өзен бойындағы ылғалды орманды жерлерде, қазіргі Америка Құрама Штаттары орналасқан Миссисипи өзені алқабынан Атлант мұхитына дейінгі кең таралған аймақты қамтыды.

Шығыс Ормандары халықтарының егістіктері кеңейіп, олар бұршақ, асқабақ және басқа да азық-түліктердің жаңа сорттарын енгізе бастады. Жүгері өндірісі 1000 ж. дейін көбінесе салыстырмалы түрде салқын және дымқыл климаттық жағдайларда кеңінен таралды. Жүгері басқа жергілікті дақылдарға қарағанда жоғары калориялы құндылыққа ие болғандықтан, көп адамға, әсіресе, Миссисипи және басқа өзен аңғарларында үлкен сұранысқа ие болды.

«Панорама» кітабының авторлары Росс Данн мен Лора Митчеллдің пайымдауынша, халық саны өсе келе, әлеуметтік-саяси жүйе күрделене бастады. Жеке көшбасшылар мен ауқатты отбасылар су тұтынуды реттеу және азық-түлікпен қамтамасыз ету жолдарын бақылады.

IX және X ғасырлар аралығында қазіргі АҚШ-тың оңтүстік-батысындағы үстірттер мен шөл далалар жауын-шашын мен құрғақшылықтың болжамсыз циклдарын бастан кешті. Бұл белгісіздіктерге жауап ретінде жергілікті қоғамдар жерді суару, өсімдік шаруашылығын диверсификациялау және жүгеріні әртүрлі жерлерде егу, өнімділікті жоғарылату және суды сақтау сияқты инновацияларды ойлап тапты.

Осыған қарамастан, бұл экожүйелер адамдардың аз бөлігіне ғана көмектесе алды. Құрғақшылық бірнеше ай ішінде-ақ барлық шаруашылықты жұтқа әкелуі мүмкін еді. XII ғасырдың ортасында және XIII ғасырдың соңғы тоқсанындағы екі ірі құрғақшылық мыңдаған адамдарды Соноран шөліндегі (Аризона, Калифорния және Мексиканың солтүстік-батыс бөлігіндегі) бірлестіктерден бас тартуға мәжбүр етті.

Кейбір қоныс аударған топтар оңтүстікке қарай орталық Мексиканың салыстырмалы қалыпты өрістеріне көшіп кетті. Олардың арасында Толтек пен Ацтектердің ата-бабалары да болғандығын авторлар нақты мәліметтермен дәлелге алады.

Солтүстік Американың батысындағыдай, Анды таулы жерлері де ылғал және құрғақ кезеңдер ауытқуларын бастан кешіп, елді мекендердің тағдырын өзгертсе керек. Бұған қоса, Тынық мұхит жағалауынан тауларды бөліп тұрған тар, құрғақ жазықтықтар Эль-Ниньо циклдары әсерінен құбылмалы ауа райына ұшырап тұрды.

Құйып жауған қара жаңбыр суару жүйелерін, ауылшаруашылық егістіктерін жойып, балық аулауды да қиындатты. Дегенмен 900–1300 жж. аралығында ауылшаруашылық алқаптарын бақылауда ұстау, топырақтың құнарлығын жоғарылату әдістерін жасау, көршілерін жаулап алу арқылы аумақтарын кеңейтуі ондаған мың адамы бар елді мекендерге айналуына негіз болды. Авторлар қоғамдардың осы жолдармен кеңею мүмкіндігі олардың ауа райының өзгеруін болжап, судың жетіспеушілігіне бейімделу шеберлігіне байланысты болғандығын алға тартады.



Кахокия қорғандарын тұрғызушылар

Оқулық авторларының Кахокияның қорған құрылысшылары туралы келтірген мәліметтері де қызықты. Ең тығыз қоныстанған аудандар ретінде Миссисипи, Миссури, Теннесси, Огайо сияқты мекендер Солтүстік Американың шығыс және орта батыстық алқаптарында жатыр. Бұл өзендер мен олардың аңғарлары сауда жасауда табиғи жолдарды қалыптастырды. Ал ну ормандары құрылыс және отынға ағаш дайындауда үлкен рөл атқарды. Б.з.д. екінші мыңжылдықтан бері бастау алған фермерлік қоғамдар мен ірі елді мекендер дамудың жаңа сатысын табиғаттағы өзгерістермен бірге шешуге тырысты.

Миссисипи мен Миссури өзендерінің ұштасуы жүгері мен бұршақты өсіру үшін 80 мильдік егістікті жасауға идеалды жағдай туғызды. Бұл жерде шамамен б.з. 800–1000 жж. Миссисипи халқы Кахокия елді мекенін орнатты. Сент-Луистен шығысқа қарай 8 шақырымда орналасқан Иллинойстың қалдықтары ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген. 1050–1200 жылдар аралығындағы Кахокия дамуының шарықтау шегінде, мұнда оннан жиырма мыңға дейін адам өмір сүрген. Бұл еуропалықтар келгенге дейін Мексиканың солтүстігіндегі ең ірі қалалық орталық еді.

Миссисипи қаласы

1150 жылы Кахокияның жоғары тұсында орналасқан «Монахтар қорғаны» деген атпен белгілі саз балшықтан салған құрылыс болған. Миссисипи өзені суреттің жоғарғы бөлігінің сол тұсында тұрғанын көруге болады. Қазіргі таңда «Монахтар қорғаны» бастапқы қалыпынан мүлдем өзгергеніне қарамастан, келушілерді әлі де таң-тамаша кейіпке бөлейді. XIX ғасыр басында америкалық конгрессмен Генри М. Бракенридж қорғанды көрген сәтте: «Бұл – шын мәнінде, өте үлкен топырақ үйіндісі. Егер де бұлтарпайтын дәлелдер болмағанда, ешкім оны адамның қолымен салған дүние екеніне сенбес еді», – деп мәлімдеді.

Қала Мексика шығанағын Ұлы көлдермен және Шығыс Ормандарын орталық жазықтармен байланыстыратын артериялардың кездесу нүктесінде орналасқан коммерциялық хаб болды. Кахокиялық қыш ыдыстар мен тас құралдар, сонымен бірге, жергілікті өндірілген кахокиялық бұйымдардың имитациялары Миннесота, Канзас, Арканзас және Миссисипи қалаларында табылған. Қалалар тұз бен шақпақтасты мысқа айырбастау үшін Жоғарғы Көлге, слюда минералын алу үшін Аппалач тауларына, сондай-ақ, Атлант мұхитына да теңіз қабыршағына айырбас ретінде экспорттады.

Кахокияның ең көрнекті ескерткіштері – б.з.д. төртінші мыңжылдыққа дейін баратын Миссисипи дәстүрінің жалғасы болып табылатын жерден жасалған қорғандар. Кахокия дамуының шарықтау шегінде, бұл ғимараттардың 120-дан астамы болатын, бірақ ғасырлар бойы эрозияға ұшыраған қала құрылысы салдарынан 80-нен төмен саны қалды. Қорғандардың көбі жалпақ төбелі болып, онда храмдар, әкімшілік ғимараттар мен элита отбасылары үшін тұрғын үй ретінде қолданылатын ағаштан жасалған құрылыстар болған.

Авторлар «Монкс Маунд» деп аталатын Монахтар Қорғанының он төрт акр жерді алып жатқан ең үлкен жер болғанын айтады. Оның қазіргі заманмен есептегенде биіктігі жүз футқа жеткен төрт көтерілетін террасасы болған. 900–1200 жж. салынған бұл қорған еуропалықтардың келуіне дейінгі салынған Солтүстік Америкадағы ең ірі құрылыс болып табылады. Бұл Кахокияның басқарушы отбасының үйі, сондай-ақ, салтанатты және әкімшілік орталық болуы да мүмкін деп пайымдайды.

Жарты миль қашықтықта орналасқан Қорған-72, қысқы және жазғы күн тоқырауларымен үйлесетіндігін алға тартқан авторлар, бұл ғимаратта 1000–1050 жж. жерленген 272 адамның қалдықтарын сақталғанын айтады. Кейбір мәйіттер платформаларға немесе көрпелерге оралған, басқалары тек шұңқырға тасталған. Бұл әлеуметтік таптарға деген түрлі көзқарастардың болуын дәлелдейді.



Бір қабірде қырық жастағы адамның мәйіті жиырма мың ұлу қабыршағынан жасалған платформаға салынған. Ол ертедегі Кахокия билеушісі болуы керек. Оның айналасында бірнеше басқа адамдар жерленген.

Кітаптың деректері бойынша, жуықта археологтар жүзге жуық әйел адамдар жерленген қабірлер арасынан жебелер және сынған керамикалық ыдыстарды тапты. Отыз алты мыңнан астам ұлу қабыршағынан жасалған бірнеше қабір үлкен таңданыс туғызды. Тағы бір мазарда басы мен қолы үзілген төрт адам жерленген. Бұл жерлеулер кахокиялықтардың Мезоамерикадағы қоғамдар сияқты адамды құрбан етумен айналысқандығын көрсетеді. Авторлар аурушаң көшбасшыны кейінгі өмірінде қызметкерлері немесе туыстары жанында болып сүйемелдеу үшін өлтірілген болуы мүмкін деген тұжырымға келеді.

Шамамен б.з. 1150 ж. билеушілер қаланың орталығын ағаш қорғанмен қоршады. Ішкі қабырғаға қарсы тұрғызылған платформалардан жауынгерлер шабуылдаушыларға жебелерді атып, қақпаларды қорғай алатындай салынды. Мұндай қорғаныс жүйесінің болуы Кахокияға XII және XIII ғасырларда соғыс қауіп төнгенін көрсетеді. Авторлар көршілес қауымдастықтардың аймақтық гегемонияға қарсы тұруы мүмкіндігін айтады.

Соғыс және қоршаған ортаның бүлінуі, Кахокияның халық санының азаюына және шамамен 1400 ж. дейін жойылуына әкелді. Мұндай жағдайлар қаланы қамтамасыз ету үшін жақын орман алқаптарынан ағашты тұрақты жеткізіп тұруды талап етті. Ағашты кесу – бірқатар өсімдіктер мен жануарлардың табиғи мекендеу айналасын бұзып, жергілікті азық-түлікпен қамтамасыз етудің бір бөлігінің сарқылуына әкелсе керек.

Орманды кесу де ауылшаруашылық жерлерінің эрозиясына және су тасқынының қауіпін арттыратын жергілікті ағындардағы лайдың жиналуына әкелді деп пайымдайды авторлар. 1200 жылдары Солтүстік Атлантикадағы жылу кезеңінің аяқталуы ерте маусымдық аязбен егіс алқаптарының, әсіресе, жүгері өнімін жинау тиімділігін азайтты.

Халық саны астықпен қамтамасыз етілуімен бірге азайса да, қорлардың тапшылығынан ішкі талас күшейе берді. XIII ғасырда аймақта ірі жер сілкінісі орын алып, өзен жағалауының маңындағы ауылшаруашылығына зардабын тигізді. Бірте-бірте адамдар Кахокиядан кетіп, басқа аудандарға қоныс аударып, жаңа, бірақ кішігірім елді мекендерді құрып, басқа жергілікті американдық топтарға сіңісті.

Колорадо үстүртіндегі Анасази Пуэбло жөнінде оқулық авторлары Кахокиялықтар сияқты, Пуэблорлықтар X және XII ғасырлар арасында керемет ғимараттар салғандығымен ерекшеленгенін келтіреді. Юта, Колорадо, Аризона және Нью-Мексико штаттарын біріктіретін жергілікті американдықтардың елді мекендерінің көпшілігі Колорадо үстүртіндегі шөлейт аймақта орналасқан.

Алғашында Анасази Пуэбло бұрынғы Хохокам тұрғындары салған үңгірлік үйлері бар шағын ауылдарда өмір сүрген. Уақыт өте келе, осы қауымдардың бірқатары қалалармен пуэблоға айналды.

Пуэбло – «ауыл» немесе «шағын қала» деген мағынаны білдіретін испан сөзі. Испан басқыншылары бұл терминді АҚШ-тың оңтүстік-батысындағы түпкілікті пуэблорлықтар (анасази) тұрғызған көп қабатты тас немесе кірпіш кешендерді сипаттау үшін қолданды.

Американдық зеттеуші ғалымдар Росс Данн мен Лора Митчеллдің айтуынша, шамамен 900 ж. елді мекендер жүгері шаруашылығымен айналыса бастап, халықтың саны арта бастады. Пуэбло кеңейген сайын, тұрғындар көп отбасыларын орналастыру үшін өз құрылымдарына жаңа қабаттар қоса бастады. Нью-Мексикодағы Чако Каньоны ең тығыз қоныстарды қамтыды. Алғашқы ауылдар, шамамен 500 жж. фермерлер каньонның оңтүстік бөлігінде жүгері өсіруге қолайлы жауын-шашынның көп түсуін пайдалана бастағанда пайда болуы ықтимал. Бірнеше ғасырлар өте келе бұл ауылдар мөлшері мен күрделілігі бойынша алуан түрлі өзгерді.

Ең үлкен, Пуэбло-Бонито атаулы елді мекен жалпы құрылыс үлгісін орнатқан. Ол шұңқырларда орналасқан үйлер мен кейбір жерүсті қоймалары бар шағын кластерлі ауыл ретінде басталған. IX ғасырда тұрғындар тас және саман бөлмелерін жарты шеңбер пішінінде салған. 1000-ға жуық екі үлкен кивас салынды. Осы сәтте Пуэбло Бонито 5 қабат жоғары көтеріліп, бес жүзден мың адамға дейін тұрғындарды орналастыруға мүмкіндігі болды.



Пуэбло Бонито

Чако каньонындағы ең ірі елді мекен. Пуэбло Бонитон ғимараттары кеңейіп, биіктігі 5 қабатқа жетті. Бұл елді мекедегі дөңгелек шұңқырлар – қираған кивалар немесе рәсім өткізілетін орындардың ізі. Қала құрылысы 851 жылы басталып, екі жүз елу жылдан аса уақыт аралығында жүрді. Саны алты жүзден астамын бөлмелерде мыңнан астам адам тұра алатын еді.

Пуэбло Бонито тұрғындары екі топқа бөлінді: аң аулау мен терімшілдікпен айналысатын «қысқы адамдар» және ауылшаруашылығымен айналысатын «жазғы адамдар». Бұл еңбек бөлінісі көрсеткендей, пуэбло халқы құрғақшылық пен су тасқынынан зардап шегіп тұратындықтан тек ауылшаруашылығына ғана сене алмады.

Қысқы және жазғы топтар кішігірім туыстық үй шаруашылықтарында ұйымдастырылып, олардың әрқайсысында бірқатар бөлмелер болса да, біртұтас сыртқы дуалмен қоршалған болды. Әрбір туыстық топта өз шағын кивасы, шеберханалары, қоймалары және коммуналдық кеңістіктері бар еді.

Сауда және көші-қон Чако каньонын кең аймақпен байланыстырды. X ғасырдың соңы мен XI ғасырда халық саны алқаптың экожүйесіне қарағанда тез өсті. Осының салдарынан, кейбір Анасази Пуэбло топтары Колорадо үстүртінен ары қарай жаңа ауылдар мен елді мекендерді қоныстауға аттанды.

Сонымен қатар Чако Каньоны аймақтық сауда орталығына айналып, әсіресе, бағалы тастар мен зергерлік бұйымдарға маманданды. Шетелдіктер Пуэбло халқына көгілдір ақық әкеліп, жергілікті қолөнершілер оны қайта экспорттауға әшекейлер жасады. Археологтар осындай 60-тан астам артефактты тапқан. Чако каньонынан таралған дөңгелектің шабағына ұқсайтын жолдар қазіргі күнге дейін ең әсем әрі құпиялы жүйе болып есептеледі. Бұл жолдардың кейбіреуі каньон ішіндегі ені қырық футқа жетсе, одан ары қарайғы қашықтықта он футқа дейін жетеді.

Чако каньонынан шығатын жолдар

Чако каньоны жолдарының кейбірі жерүстілік зерттеулердің (түсірілім) көмегімен анықталды, ал қалғандары тек әуеден қарағанда ғана көрінеді. Қосалқы картадағы шкаланы қолдана отырып, Чако каньонының қиыр солтүстігі мен оңтүстігіндегі ең алыс қонысты мекендеген қауымдар арасындағы арақашықтықты шамамен есептеңіз.

Ғалымдар бұл жолдардың маңыздылығы жайында терең талқылауға түседі. Бірінші теория бойынша, жылдың жаз және қысқы тоқырауы кезінде мыңдаған қажылар Чако каньонына рәсімге қатысу үшін және тауарлармен алмасу үшін жолға шыққан. Екінші бір теория бойынша, бұл жолдар тек символдық қызмет атқарған. Пуэбло космологиясы бойынша, Чако каньоны әлемнің «кіндігі» деп саналды. Солтүстікке қарай бағытталған ірі жол орталық пен тыс әлемдегі өркениетті байланыстыратын «кіндік» деп қарастырылады. Түсінік бойынша, адамдар қоныстанбаған каньон ішінде әруақтар демалыс жасауға осы жолмен қатынаған болса керек.

Чако каньонының пуэбло халқы XII ғасырдың ортасынан бастап, Кахокияның алдында құлдырай бастады. Құрғақшылық – ең басты себеп болды. 1130–1180 жылдар аралығындағы елу жылдық құрғақ кезең каньонның егіс алқабының көп бөлігін жойып, өткен екі ғасыр бойы созылған қала құрылысын жойды.

Сумен қамтамасыз ету азайған сайын, аштық пен тамақтанудан аман қалған тұрғындар құнарлы жерлерді іздеуге аттанды. Босқындар каньоннан түрлі бағыттарда қоныс аударып, өздерінің бөгеттер, террасалар мен су қоймаларын жасау әдістерін басқа аймақтарда қолдана бастады.

Жаңа Пуэбло пайда болып, олардың кейбіреулері, әсіресе, Колорадо штатындағы Меса Верде, Кахокиядағы каньонмен бәсекелес мөлшерлерге дейін жетті. Бұл қоғамдар XIII ғасырда қарқынды өркендесе де, ақыр соңында ата-бабалары сияқты тағдырға кезіккен. 1275–1299 жылдардағы тағы бір ірі құрғақшылық бүкіл шаруашылықты бұзып, көптегени пуэбллықтарды қайтадан жан-жаққа тарауға мәжбүр етті.



Майя, микстек және толтек тайпалары

Теотиуакан, Сапотек және Майя мемлекеттерінің шамамен бір мезгілде құлдырауы Мезоамериканың көп бөлігіндегі мықты күштер вакуумында үлкен із қалдырды. Юкатан түбегіндегі Майя халқының ірі орталықтары оңтүстік төбелерден төменгі солтүстікке ауысып, ол жердегі тұщы су жүздеген ауылдар мен бірнеше ірі қалаларды қамтамасыз етті.

Оңтүстік қалалар құлдырағаннан кейін, Мексика шығанағындағы құрлықтық сауда төмендеп, теңіз саудасы дами бастады. X ғасырда Майя тобы солтүстік түбекке көшіп, онда каноэ саудасы мен жағалаудағы бағалы экспорттық тауар – тұзды өндіруді басқаруға тырысты. Олар Чичен-Ица қаласын құрып, біртіндеп жақын маңдағы елді мекендерді бағындырды.

Оахака таулы аймағындағы Батыс Юкатан, 700 ж. дейін өркендеген ірі Сапотек монархиялары кіші мемлекеттерге ыдырап, жаңа бекіністі орталықтарды салып, бір-бірімен соғысты.

800 ж. жуық аралықта Миштектің тілінде сөйлейтін жауынгерлер топтары ежелгі Сапотек жерлеріне басып кіріп, тұрақсыздықты тудырды. Ия Накуаа (1063–1115) атты билеуші бірнеше рет әскерлерімен басып алып, дворяндық отбасыларымен некелесу, алымдарды жинау арқылы Миштек империясына ұқсас құрылымды құрды. Бұл мемлекет XVI ғасырға дейін өмір сүрді.

Толтектердің үстемдігі

Автолар Толтек үстемділігі туралы да өз көзқарастарын білдіреді. IX және X ғасырларда Мексика солтүстігі мен Американың оңтүстік-батысынан құрғақшылықтан қашықтау мақсатында Мексиканың орталық бөлігінің шалғай аймақтарына қарай ұзақ сапар жасалады. Толтектер IX ғасырда қоныс аударған топтардың бірі болды.

Олар Мексика аңғарында орналасқан Тула қаласына қоныстанды, онда қазіргі Мехико шоғырланған. Тула VI немесе VII ғасырларға дейін Теотиуакан ұлы қаласына тәуелділігі болған. Ол Толтек дәуірінде қайтадан жаңғырып, шамамен 1100 ж. ондаған шаршы шақырымдық аумақты және шамамен отыз бес мың адамды қамтитын, сондай-ақ, қала маңындағы елді мекендердегі тоқсан мың адамы бар ірі агломерацияға айналды.

Өз уақытындағы теотиуакандықтар сияқты, Тулада сарайлармен, діни және үкіметтік ғимараттармен қоршалған екі үлкен пирамидалы храмдары болды.

Пирамида тәрізді екі ғибадатхана

Туладағы толтек пирамидасы мен Чичен-Ицада тұрғызған жауынгерлер ғибадатханаларын салыстырмалы түрде қарастырғанда, толтектердің сәулет қолөнерінің шалғай аймақтағы Чичен-Ица архитектурасына тигізген ықпалы зор болғаны байқалады. Б пирамидасының үстіне орнатқан стеллалар мен жауынгерлер ғибадатханасы кіреберісінің астыңғы бөлігінде тұрғызған колонналар – солдаттарды бейнелейді.

Сондай-ақ, қалада кем дегенде бес доп ойындары үшін арналған стадиондар орналасқан. Авторлар онда ойнаған ойындар туралы көп нәрсені білмесе де, олар басқа ежелгі мезоамерикалық қоғамдардағыдай, олар да рәсімдік функцияларды атқарғанын айтады. Алайда Толтектің монументалды ғимараты Теотиуакан ғажайыптарына ешқашан жете алмады, сондай-ақ, көркемөнер бұйымдары да әлдеқайда кедей көрінді.

Тула ешқашан үлкен империялық мемлекет болмады, бірақ оның коммерциялық ықпалы солтүстікке және оңтүстікке қарай терең созылды. Жергілікті дәстүрлер қаладағы адамдардың түрлі тілдерде сөйлейтіндігі саяхатшылар Мезоамериканың барлық жерлерінен сату мен сатып алуға келетінін айтады. Археологтар оңтүстік-шығысқа қарай 1200 миль қашықтықтағы заманауи Коста-Рикоға жасалған керамиканы ашты.

Тула облысынан қара және жасыл обсидиан, яғни өткір жүздерді және басқа да бұйымдарды жасау үшін пайдаланылатын вулкандық қара шыны табылған. Толтек қолөнершілері алтыннан, күмістен және мыстан діни әшекейлер мен зергерлік бұйымдарды жасап, оларды



Мезоамериканың басқа бөліктеріне экспорттау үшін сатты. Нефрит пен көгілдір ақық (агат) сияқты бағалы минералдарға деген сұраныс Толтек шахтерлерін солтүстікке қарай Сьерра-Мадре тауларына әкелді.

Саудагерлер сирек кездесетін тастарды, құлдарды және тұзды сатып алу үшін, солтүстікке дейін Сонора шөліне ұмтылып, жол бойында кішкентай ауылдар мен сауда тұрақтарын құрып отырды. Архитектуралық стильдерде және мәдениеттің басқа да элементтерінде Толтек әсерінің дәлелдері солтүстікке қарай Чако каньонына дейін созылған.

Шамамен 900 ж. кейін, Толтектер Туладан сегіз жүз шақырым қашықтықта орналасқан Чичен Итца Майя мемлекетімен тұрақты сауда қатынастарын дамытты. Толтек саудагерлері басқа өнімдерден обсидианды көбірек ұстап, үйіне Юкатан жағалауынан тұз әкелді.

Екі қаланың арасындағы байланыс соншалықты жақын болғаны бұл Чичен Итцадағы храм архитектурасы мен рельефтік суреттер, мысалы, Толтек мифологиясындағы кездесетін адам жүрегімен қоректенетін бүркіттер мен ягуарлардың бейнелері табылған. Тарихшылар бұл көркем ұқсастықтарды Толтек жауынгерлері Чичен Итцаға басып кіріп, тіпті отаршылдық тәуелділікке айналдырғаны туралы дәлел ретінде пайдаланды. Бірақ қарқынды және ұзақ уақытқа созылған коммерциялық және мәдени алмасу да осындай нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Қорытынды

XII ғасырдың Мексиканың солтүстігіндегі құрғақшылық оңтүстікке бағытталған, оның ішінде Тула бақылауындағы орталық таулы аймақтарға көші-қонды қозғады. Олардың бірқатары тау-кен өнеркәсібі мен сауда кәсібінен бас тартқан Толтектер болды. Басқалары мобильді қарақшылар, аңшылар мен фермерлер болды. Тула су жетіспеушілігі мен үмітсіз және кейде қаскүнем қарақшылардан зардап шегіп отырды. Археологтар басқыншылар қаланы тонап, сарайларды өртеп, ересектер мен балаларды қырып-жойғанын дәлелдеді. Толтек өздерінің астанасын XII ғасырдың ортасында тастап, содан бері ешқашан өздерінің басқа қаласын құрмаған.

Чичен Итца да бірнеше онжылдықтардан соң осындай тағдырға ұшырады. Тула жойылуы солтүстік Юкатандағы құнды заттар, оның ішінде нефриттік қару саудасынан айырды. Қала аймақтық әскери үстемділіктен айырылып, дәстүрлі Майя тарихына сәйкес, көрші қаланың билеушісімен тоналған. Толтек мен Итца қаланы XII ғасырдың соңына дейін босатты, дегенмен кейбір жаңа Майя қалалары бірнеше ұрпаққа созылған солтүстік конфедерациясын қалыптастыру үшін салынған болатын. Бұл альянс XV ғасырдың ортасында ыдырап, 1518 жылы испандық жаулаушысы Эрнан Кортес Юкатан жағалауына келгенде, түбек саяси бөлшектенген жағдайда болғанын байқаған.

Сайып келгенде, X және XV ғасырлар арасындағы Америкадағы тарихи оқиғаларға ауқымды экологиялық өзгерістер зор әсерін тигізген. Көптеген империялық мемлекеттердің ұлы қорғаныстар мен ірі ғимараттар салуға мүддесі климаттың қолайсыз жағдай туғызып, ауылшаруашылық өнімдерін сақтау ниетімен түсіндіріледі. Кахокия, Анасази Пуэбло және Толтек мемлекеттерінің дамуының ұқсастықтары археологиялық деректердің негізінде дәлелдеуге болады.